

¹Ерданова Г.С.^а, ¹Лесбекова Р.Б., ¹Улукбекова А.О., ¹Унтаев Х.Қ.,
²Укешов Т.Р.

¹Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы қ, Қазақстан

²Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

БОЛАШАҚ ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ «БЕЙНЕСІН» ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҢЫЗЫ

Ерданова Гулширин Серикбайқызы, Лесбекова Рыскуль Борановна, Улукбекова Айгуль
Орынғалиевна, Унтаев Холдар Қамбарович, Укешов Талгат Рамазанович

Болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің «бейнесін» қалыптастырудағы маңызы

Аңдатпа. Мақалада болашақ дене шынықтыру мұғалімдер бейнесінің құзыреттілігін қалыптастыруға арнайы дайындалған білім беру бағдарламасы дәстүрлі түрлерінен басқа бейнелік құзыреттілікті қалыптастыру бойынша оқу үрдісінің тәжірибесінде бірқатар инновациялық білім беру технологиялары қолданылып, олардың нәтижесін «эмпатикалық» тестілеу көмегімен оңтайлы нәтижесіне қол жеткізілгені айқындалды. Болашақ дене шынықтыру мұғалімінің бейнелік құзыреттілігі - тұлғаның жеке тәжірибені өзіндік жобалауының және өзіндік жетілдіруінің күрделі жүйесін көрсететін, бастамашылдықты, ұтқырлықты, адамның өмірлік сүйіспеншілігін, жұмыс істеу мен жаңашылдыққа деген ұмтылысты, басқалармен тұрақты, үйлесімді қарым-қатынас құрудың тиімді әдістері мен құралдарын меңгере отырып, өзінің кәсіби шеберлігін табысты жүзеге асыруын басқара білуге дайындығы. Бұлардың барлығы осы сала бойынша келешек маманның бойындағы кәсібилік қасиеттің негізін құрайды.

Түйін сөздер: дене шынықтыру, бейне, мұғалім, құзыреттілік, сезімталдық.

Yerdanova Gulshirin, Lesbekova Ryskul, Ulukbekova Aigul, Untaev Holdar, Ukeshov Talgat

Importance in the formation of the «image» of future physical education teachers

Abstract. The article establishes that in the practice of the educational process for the formation of image competence, in addition to the traditional forms of the educational program specially prepared for the formation of the image competencies of the teacher of future physical education, a number of innovative educational technologies have been used, the results of which were achieved optimally with the help of «empathic» testing. The image competence of the future physical education teacher is the readiness of the subject to successfully implement his professional skills, demonstrating a complex system of self-realization and self-improvement of personal experience, possessing initiative, mobility, human optimism, a desire for work and innovation, possession of effective methods and means of building stable and harmonious relationships with others. All this forms the basis of the professionalism of the future specialist in this field.

Key words: physical culture, image, teacher, competence, empathy.

Ерданова Гулширин Серикбаевна, Лесбекова Рыскуль Борановна, Улукбекова Айгуль
Орынғалиевна, Унтаев Холдар Камбарович, Укешов Талгат Рамазанович

Значение формирования «имиджа» будущих учителей физической культуры

Аннотация. В статье установлено, что в практике учебного процесса по формированию имиджевой компетентности, помимо традиционных форм образовательной программы, специально подготовленной для формирования компетенций имиджа учителя будущей физической культуры, применен ряд инновационных образовательных технологий, оптимальный результат которых был определен с помощью «эмпатического» тестирования. Имиджевая компетентность будущего учителя физической культуры – это сложная система самореализации и самосовершенствования личного опыта, инициативы, мобильности, жизнелюбия, стремления к труду и инноваторству, овладения эффективными методами и инструментами построения устойчивых и гармоничных отношений с окружающими, это готовность субъекта к успешной реализации своих профессиональных навыков. Все это составляет основу профессионализма будущего специалиста в данной области.

Ключевые слова: физическое воспитание, имидж, педагог, компетентность, эмпатия.

Негізгі қағидасы. Болашақ дене шынықтыру мұғалімінің бейнесі – білім беру үрдісіндегі кәсіби жетістікке жетудің мақсатты іс-әрекетімен тұлға-тұлғалық қатынастарды үйлесімді құруға әсер ететін барлық қатысушылармен (әріптестер, оқушылар, ата-аналар, басшылық) жүзеге асырылатын педагогикалық ықпалдың динамикалық, икемді құралы. Болашақ дене шынықтыру мұғалімі бейнесінің құрылымы: құндылықтар, сыртқы бейнесі, қарым-қатынасқа тез түсе білу қабілеті, кәсіби және өмірлік тәжірибесі, жекебасылық қасиеттері. Болашақ дене шынықтыру мұғалімінің бейнелік құзыреттілігі – тұлғаның жеке тәжірибені өзіндік жобалаудың және өзіндік жетілдірудің күрделі жүйесін көрсететін, бастамашылдықты, ұтқырлықты, адамның өмірлік құштарлықты, жұмыс істеуге және жаңашылдыққа деген ұмтылысты, басқалармен тұрақты және үйлесімді қарым-қатынас құрудың тиімді әдістер мен құралдарды меңгере отырып, өзінің кәсіби шеберлігін табысты жүзеге асыруын басқара білуге дайындығы.

Кіріспе. Жоғары мектеп түлегі технологияларды, ақпараттық орта мен қоғамды дамытудың жедел қарқынынан туындаған заманауи талаптарға сай болуы тиіс. Л.И. Плотникова (1996) баяндамасында: «мақсатқа жететін түлекті қалыптастыруға тиіспіз – оған құзыреттілікке негізделген білім «тануды үйрену, жасауды үйрену, бірге өмір сүруді үйрену, өмір сүруді үйрену» – деп нақты атап кеткен [1].

Алғаш рет «құзыреттілік» ұғымы АҚШ-та пайда болды және мамандардың белгілі бір кәсіптердің жұмыс бойынша іс-шараларды орындау қабілетін сипаттау үшін қолданылды [2]. Құзыреттер жұмыс шараларын сәтті орындаудың міндетті шарты болып табылатын қажетті техникалық дағдыларды немесе іс-әрекет үлгілерін көрсетеді.

Британниктің іргелі сөздігінде «құзыреттілік» ұғымы сапа мен күй, адамның қандай да бір жақсы нәрсе жасау қабілеті ретінде анықталады.

Бұл түсінік кәсіби біліммен тығыз байланысты және бітіруші оқуды аяқтағаннан кейін меңгеруі керек бірқатар сипаттамаларды білдіреді. Мұндай сипаттамаларға сәйкес О.Врабл (2016) пікірінше [3] келесі мәселелер жатады:

1. бітіруші түлек оқу курсының соңында нені білуі және түсінуі керек;
2. түлек нені (қандай әрекеттерді) көрсете алуы керек.

Құзыреттіліктерді оқу барысында өлшеуге және дамытуға болады.

Білім беру саласындағы сарапшылар мен еуропалық білім беру қорының мамандарының пікірінше құзыреттер өзара байланысты үш элементтен тұрады:

1. білім құрылымы;
2. іс-әрекет реакцияларының құрылымы;
3. уәждемелік-құндылық құрылымы.

Осы элементтердің барлығы түлектердің қабілетін үш негізгі бағытта қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

1. жұмыс бойынша іс-шараларды жақсы немесе өте жақсы орындау мүмкіндігі;
2. жұмысқа қабылдау кезінде белгілі бір минималды стандартқа сай болу;
3. белгілі бір жұмыс бойынша іс-шараларды орындау кезінде жауапкершілікті өз мойнына алу мүмкіндігі

Еуропа кеңесі сарапшыларының пікірінше, құзыреттер танымдық саладан асып түседі және олар «негізгі құзыреттер» ретінде анықтайтын бірқатар қосымша дағдыларды қамтиды. Оларға мыналар жатады: зерттелінетін мәселенің мәнін білу, түсіну қабілеті, алған білімдерін практикада қолдану қабілеті, алынған білімге сүйене отырып, қоршаған орта шынайылығын қабылдау тәсілін қалыптастыру [4].

Дж.Гонсалес, Р.Вагенар (2008) құзыреттілік-динамикалық құбылыс, оның құрылымы білімді көрсету мен интеллектуалды, тұлғааралық және этикалық тәртіптің құндылықтарын түсінумен айқындалады деп санайды [5].

Әлемдік қауымдастық жаһандану және модернизация үрдістерімен қамтылған, Еуропа кеңесі өз баяндамасында заманауи адамға тұлғааралық, мәдениетаралық және саяси қарым-қатынастарда қажетті құзыреттердің кейбір топтарын атап көрсетті. Олардың дамуының бастапқы нүктесі мыналар болуы керек: тәуелсіздік, тәрбиелеу, жауапкершілік, диалогқа және сыни бағалауға қабілеттілік.

«Құзыреттілік» ұғымын XX ғасырдың 80-ші жылдарының ортасында Ричард Бояцис сапалы, тиімді жұмыс істеуге қатысты және дағдыларды, уәждерді (мотивтерді), әлеуметтік рөлдерді, сондай-ақ адамның әлеуетті ресурстарын біріктіретін негізгі қасиет ретінде тұжырымдады [6].

Әлеуметтанушы Нагорнова А.Ю. құзыреттілікті жалпы қатардағы мәселелерді шеше білу қабілеті ретінде ғана емес, сонымен бірге «белгілі бір кең салада өмірлік тәжірибе негізінде тиімді әрекет ететін білімді, білікті, дағдыларды қолдану қабілеті» ретінде қарастырды [7].

Г.К. Исакова (2013) «құзыреттілік» ұғымын зерттеуші қолданатын ортамен байланы-

сты түсіндіру керек деп санайды [8]. Боллон декларациясына қатысушылардың бұл тұжырымдаманы анықтау туралы бірауыздан пікірі жоқ, ал белгілі бір түсіндіруді таңдау білім беру мақсаттарына және белгілі бір мемлекеттің этикалық құндылықтарына байланысты. Тиісінше, құзыреттілік тәсіл ұғымына оқыту қағидаттарының белгілі бір жиынтығы, білім беру мазмұнын таңдау, білім беру процесін ұйымдастыру және оқу нәтижелерін бағалау енгізіледі.

Н.Т. Уалиева (2016) құзыретті мен құзыреттілік ұғымдарын бөлуді ұсынады. Құзырет бойынша автор адамның өзінің іс-әрекетін жүзеге асыруға ықпал ететін белгілі бір білім, түсінік, дағдылар жиынтығын түсінеді. Құзыреттің арқасында адам зерттелушінің мәнін біледі және түсінеді, қолда бар білімді қалай пайдалану керектігі туралы практикалық пен жедел білімге ие, әлеуметтік ортада өмірді құнды қабылдай алады.

Автордың пікірінше, құзыреттілік – бұл құзыретке ие болудың салдары, іс-қимыл алгоритмін немесе белгілі бір педагогикалық мәселелерді шешу әдісін білу [9].

Э.А. Петровтың (2009) пікірі бойынша бейненің күрделі құрылымдық ұйымы бар, оның негізгі құрамдастары келесідей:

- адам қолданатын ауызша немесе ауызша емес дауыс белгілері. Автор ауызша белгілерге белсенді қолданылатын сөздік қорын жатқызады. Ауызша емес сипаттамаларға сөйлеу стилі, ырғағы мен биіктігі, сөйлеудің айқындылығы, тыңдау қабілеті және басқа белгілер жатады.

- әртүрлі белгілер, қимылдар, мимика көмегімен мінез-құлықтың сыртқы көрінісінің белгілері;

- адамның конституциялық ерекшеліктері (әдеті);

- тұлғаның әлеуметтену дәрежесі (түр-түсіне байланысты киімдерді, аксессуарларды пайдалану);

- табиғи және жасанды иіс белгілері;

- қоршаған орта факторлары (машина, тұрғын үй, адамның айналасындағы заттар және т.б.) [10].

Автор жоғарыда аталған факторларды, сондай-ақ ұлтын, кәсіби байланысын, эмоционалдық жағдайын, сондай-ақ имиджді тасымалдаушының басқа да бірқатар сипаттамаларын екі үлкен топқа жіктейді: адам әсер ете алатын ішкі факторлар және сыртқы факторлар, олар ескерілуі керек бірақ өзгертіле алмайды.

«Бейне» ұғымына ұқсас көзқарасты Е.Б. Перельгина ұстанады [11].

Бейне – жеке тұлғаның айқындалуының белгілі бір психологиялық үрдістерінің нәтижесі, және де қарым-қатынас серіктестері арасында осы адамның әсерін қалыптастырудың сырттай негізі болып табылады. Сондықтан, өзін-өзі таныстырудың барлық стратегиялары басқалардың көз алдында сіздің имиджіңізді анықтауға, нақтылауға немесе қолдауға бағытталған.


«Бейне» ұғымының анықтамасына біз жоғарыда келтірілген көзқарастарға сүйене отырып, кез-келген нысанның имиджі туралы айта отырып, ерекше бейнені – нысанға қосымша құндылықтар беретін және оны бірқатар ұқсастықтардан ерекшелейтін идеяны айтамыз деп қорытынды жасауға болады.

Позитивті оң бейненің қандай болуы керектігін анықтай отырып, шын мәнінде, адамның жеке имиджі туралы әңгіме болып отыр, бұл оның мәдениетке, табиғатқа, социумға деген нақты қарым-қатынасында көрінеді, оның денелік келбетінде, іс-әрекеттерінде, сөздерінде және оның кәсіби қызметінде көрініс табады.

Өз бейнесін жасау кезінде адам белгілі бір адамдар қауымдастығына тән құндылықтарды және оның бейнесін басқалардың қабылдау ерекшеліктерін ескеруі керек. Сонымен қатар, адамның бейнесі - бұл әлеуметтік топтың ол туралы бағалайтын пайымдауларының белгілі бір жиынтығы, ол танылатын белгілер.

Ағылшын зерттеушісі Э. Сэмпсон жеке-басылық бейне туралы айта отырып, сыртқы және ішкі факторлардың үйлесуіне байланысты бейненің үш түрін анықтайды, олар 1 суретте бейнеленген:

- өзіндік бейне,
- қабылданған бейне,
- қажетті бейне [12].



1-сурет – Имидж түрлері (Э. Сэмпсон бойынша)

Бұл типология бейнеге деген көзқарасты әртүрлі тұрғыдан көрсете біледі: өзінің «мен» және басқа адамдар тарапынан, шындық пен қалау мүмкіндіктері жағынан.

Т.С. Блохинаның (2017) пікірі бойынша, мен – бейне, бұл адамның психологиялық қасиеттері мен сипаттамаларының жиынтығы, ол өзіне деген көзқарасты қалыптастыруға, өзінің жеке-басылық және кәсіби қасиеттерін сипаттауға мүмкіндік береді, жеке тұлғаның өзін-өзі өзектендіруі деп аталады [13].

Зерттеу мақсаты – болашақ дене шынықтыру мамандарын даярлауда бейнелік құзыреттілікті қалыптасуы.

Зерттеу әдістері. Аталған эксперименттік жұмыс болашақ дене шынықтыру мамандарын дайындау барысында арнайы дайындалған пәннің бағдарламасы негізінде жүргізіліп, сауалнама және тестілеу нәтижесінде жүзеге асырылды. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің жалпы саны 139 студентті құрады. Сауалнама Қазақ спорт және туризм академиясының 2022-23 оқу жылының 7-семестрінде «дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы бойынша

оқитын 3-курс студенттеріне (ұлдар мен қыздар) жүргізілді.

Дене шынықтыру саласындағы болашақ мамандардың имидждік құзыреттілігінің қалыптасу деңгейіне әсер ететін әртүрлі сипаттамаларды болжау үшін біз келесі сауалнаманы қолдандық.

Л.Д. Столяренко (2006) жасаған «Сіз басқаларға әсер ете аласыз ба?» сауалнамасын [14], біз тұлғааралық қатынастарды анықтау үшін қолдандық. Бұл сауалнама 13 сұрақтан тұрады. Респондентке сұрақтар ұсынылды. 1; 3-7; 10-13 сұрақтардың әрбір «иә» жауабы үшін респондентке 5 ұпай берілді. Респондент оң жауап берген қалған сұрақтар үшін 0 ұпай берілді. 2; 8-9 сұрақтардың әрбір «жоқ» деген жауабы үшін 5 ұпай берілді.

Сауалнама нәтижелерін түсіндіру сауалнама авторының ұсыныстарына сәйкес жүргізілді және 1-кестеде келтірілген.

1-кесте – «Сіз басқаларға әсер ете аласыз ба?» сауалнама нәтижелерін түсіндіру

№	Ұпай саны	Нәтижелерді түсіндіру
1	0-30	Осы ұпай санын жинаған адам бір нәрсеге сендіру қиындығымен ерекшеленеді. Мұндай адамдар сыртқы қысыммен ештеңе істегенді ұнатпайды. Бұл адамдар шешімсіздігімен ерекшеленеді, бұл басқа адамдарға әсер етуге және өз мақсаттарына жетуге кедергі келтіреді.
2	35-65	Бұл адамдарға айналасындағыларға әсер етудің ерекше сыйы берілген. Олар айналасындағылармен оңай қарым-қатынас жасайды, оларға бірдеңе үйрете алады, кеңес беруге қуанып тұрады. Қалыпты жағдайда олар қолдау көрсететін адамдар, бірақ олар өздерін бақылауды жоғалтқан кезде олар тиранға (қысым жасаушыға) айналады.

Болашақ мұғалімдерді сезімталдық сияқты маңызды кәсіби сапасының даму дәрежесін анықтау үшін біз И.М. Юсупов пен Е.М. Никирев әзірлеген «Сезімталдықты зерттеу әдістемесі» сауалнамасын қолдандық [15].

Бұл сауалнама 36 бекіту сұрағынан тұрады. Сауалнаманы әзірлеу кезінде авторлар 5 деңгейлі Лайкерт шкаласын (Ә қосымшасы) пайдаланды. Алайда, әр сұраққа балама жауап ретінде респондент «білмеймін» деген жауап бере алады, ол

үшін 0 ұпай беріледі. Сауалнама сұрақтарына респонденттерге «иә, әрқашан», «әрдайым дерлік», «жиі», «кейде», «әрдайым дерлік» деп жауап беру ұсынылды. Ұсынылған сұрақтарға берілген жауаптар сәйкесінше 5, 4, 3, 2 және 1 ұпаймен бағаланды.

Зерттеу нәтижелері мен оларды талдау.

Сұрақтар бойынша алынған 2, 5, 8, 9, 10, 12, 13, 15, 16, 19, 21, 22, 24, 25, 26, 27, 29, 32 ұпайлар 2-кестеде көрсетілген мәліметтерге сәйкес жинақталды және түсіндірілді.

2-кесте – «Сезімталдықты зерттеу әдістемесі» сауалнамасының нәтижелері бойынша анықталған сезімталдық дәрежесін зерттеу нәтижелерін түсіндіру

Ұпайлар саны	Сезімталдық деңгейі	Сезімталдықтың белгілі бір деңгейіне сәйкес адамның сипаттамасы
82-90	Өте жоғары	Бұл адамдар басқаларға деген жанашырлықтың жоғары деңгейімен сипатталады. Бұл адамдар сезімтал, әңгімелесушінің көңіл-күйіне бейім келеді. Айналасындағылар оларды «найзағайдың бетін қайтарушы» ретінде қолдануға бейім, жағымсыз эмоционалдық күйлерін солардың бойына артады.

		Бұл адамдар «қиын» адамдармен қарым-қатынаста қиындықтарға тап болады. Ересектер мен балалар бұл адамдарға өздерінің құпияларын сеніп тапсырады және оларға кеңес беруге дайын тұрады. Бұл адамдар айналасындағыларға тек өз сөздерімен ғана емес, сонымен бірге көзқарастарымен де қиындықтар мен ыңғайсыздықтар туғызудан қорқады. Бұл адамдар туыстары мен жақындарына қамқорлық жасайды. Олар өте сезімтал. Жараланған жануарды көру, бастықтың салқын сәлемінің өзі оларды жарақаттауы мүмкін. Кейде бойларына тым көп әсер алғандықтан, олар ұйықтай алмайды. Бұл адамдар әңгімелесушінің эмоционалды қолдауын қажет етеді және жүйке ауруына бейім келеді. Сондықтан олар әрқашан өздерінің психикалық денсаулығына қамқорлық жасауы керек.
63-81	Жоғары	Адамдардың бұл санаты адамдардың проблемалары мен өтініштеріне өте сезімтал, жомарттыққа бейім және көп нәрсені кешіре алады. Олар адамдарға шынайы қызығушылық танытады. Олар адамдарды «оқи» алады және олардың болашағын «көре» алады. Бұл адамдар айналасындағылармен тез тіл табысады және одан ләззат алады. Балалар да олармен сөйлескісі келеді. Айналасындағылар оларды шынайылығы үшін құрметтейді. Олар қақтығыстардан аулақ болуға тырысады және келісімді шешімдер табады. Олар сынды жақсы көтереді. Мәселелерді шешуде олар логикаға қарағанда, өздерінің сезімдері мен түйсігіне көбірек сүйенеді. Бұл адамдар қарым-қатынасқа ұмтылады, жалғыз емес, адамдардың ортасында болғанды қалайды. Олар басқалардың мақұлдағанына өте мұқтаж. Алайда, олар эмоционалды тұрғыда тұрақсыз болып келеді. Оларды оңай тепе-теңдіктен шығаруға болады. Сонымен қатар, олар күрделі тапсырмаларды мұқият орындауға күш жұмсамайды.
37-62	Орташа (қалыпты)	Адамдардың басым көпшілігінде сезімталдықтың орташа деңгейі бар болып келеді. Олар «терісі қалың» адамдар санатына жатпайды, бірақ сонымен бірге оларды сезімтал деп те атауға болмайды. Қорытынды жасай отырып, олар көбінесе өз сенімдеріне емес, басқа адамдардың пікіріне назар аударады. Олардың эмоциялары әрқашан бақылауда болады, бірақ кейде оларды көрсете алады. Бұл адамдар қарым-қатынаста сақ болады, сөйлегеннен гөрі көбірек түсінуге тырысады, бірақ әңгімелесуші өз сезімдерін қажетсіз тым көп шығарғанда, олар шыдамсыз болуы мүмкін. Олар өз көзқарастарын оның қабылданатынына сенімді болған кезде ғана айтады. Көркем әдебиетті оқу немесе фильмдерді көру арқылы олар кейіпкерлердің әрекеттерін бақылайды және олар үшін алаңдамайды. Оларға адамдар арасындағы қарым-қатынастың дамуын талдау қиын, олар өз сезімдерін ашық айта алмайды және бұл олардың адамдарды толыққанды қабылдауына кедергі келтіреді.
12-36	Төмен	Бұл адамдар сезімталдықтың төмен деңгейімен сипатталады, адамдармен қарым-қатынас орнатуда қиындықтарға тап болады. Бұл деңгейдің өкілдері шулы компанияда өздерін жайсыз сезінеді. Басқалардың іс-әрекетіндегі эмоционалды көріністер кейде оларға түсініксіз және мағынасыз болып көрінеді. Олар адамдармен жұмыс істеуден гөрі жекебасылық істі, нақты істерді қалайды. Басқалардың іс-әрекетіндегі эмоционалды көріністер кейде оларға түсініксіз және мағынасыз болып көрінеді. Олар адамдармен жұмыс істеуден гөрі жеке, нақты істерді қалайды. Олар ұтымды және нақты тұжырымдарды қалайды. Олардың достары көп емес, бар достары оларды сезімталдық қабілеті үшін емес, іскерлік қасиеттері мен айқын ақыл-ойы үшін бағалайды. Алайда, егер олар бұған қызығушылық танытса, олар ашық бола алады және айналасындағылардың қажеттіліктерін өзінікі ретінде қабылдай алады.
< 11	Өте төмен	Сезімталдық деңгейі өте төмен адамдарға бірінші болып әңгіме бастау қиынға соғады, олар әріптестерінен аулақ жүреді. Әсіресе балалармен және олардан әлдеқайда үлкен адамдармен ортақ тіл табысу қиын. Олар көбінесе тұлғааралық қарым-қатынаста ыңғайсыз жағдайда болады. Көп жағдайда олар басқалармен қарым-қатынас таба алмайды. Олар толқуды, спортты өнерден гөрі жақсы көреді. Олар әрекетте тым орталықтандырылған (өзімшіл). Олар өздігінен өте өнімді істер атқаратын болуы мүмкін, бірақ басқалармен қарым-қатынас жасау кезінде олар әрқашан жақсы көріне бермейді. Олар шағымды көріністерге мазақ ете қарайды. Олар өз сөздерінің сынаққа алынуына байыпты қарайды, бірақ оларды елемесуі мүмкін. Оларға эмоционалды шырғып тұру қажет.

«Сіз басқаларға ықпал ете аласыз ба?» тесті нәтижелері бойынша 30 және одан аз ұпай жинаған студенттердің 30%-ы төмен деңгей көрсетті, яғни айналасындағыларды сендіру әрдайым мүмкін емес, ал 35-65 ұпай жинаған студенттердің 69,7%-ы басқаларға тиімді әсер

студің керемет алғышарттары бар екенін көрсетті. Төменде кестеде «Сіз басқаларға ықпал ете аласыз ба?» тестінен алынған қорытындыларының айырмашылығын респонденттердің экспериментке дейінгі және кейінгі Уилкоксонның t-критерийі бойынша анықтадық (кесте 3).

3-кесте – Уилкоксонның t-критерийі бойынша респонденттердің экспериментке дейінгі және кейінгі «Сіз басқаларға ықпал ете аласыз ба?» тестінен алынған қорытындыларының айырмашылығы

Зерттеу әдістемесі	Эксперименттік топ				Z	P
	Экспериментке дейін		Эксперименттен кейін			
	X̄	S	X̄	S		
«Сіз басқаларға ықпал ете аласыз ба?» жеке сауалнамасы (Столяренко Л. Д.)	33,38	15,939	40,99	16,323	-4,409	<0,05

Қорытынды. Дене шынықтыру саласындағы мамандарды даярлау кезінде бейне құру саласындағы құзыреттерді қалыптастырудың тиімді эксперименттік негізделген модельдері қолданылатын болады, олар қоршаған тұлғалардың мінез-құлқына күшті уәждемелік ынталандыру бола отырып, кәсіби шеберлікті, бәсекеге қабілеттілікті, үйлесімді топтық өзара іс-қимылдың тиімділігін дамытуды қамтамасыз

етеді. Бұл дене шынықтыру және спорт саласы бойынша бәсекелестік қызметтің тиімділігін арттырады. Осы сала бойынша мамандану мақсатында білім алушы студенттерін бейнелік құзыреттіліктермен қаруландыруды нысаналы, әдістемелік, мазмұнды және нәтижелі секциялық құрылымдардың жүзеге асыра отырып моделін құрып, оның болашақ білікті маман болуының деңгейлерін анықтап көрсетуге болады.

Әдебиеттер

- 1 Плотникова Л.И. Развитие личности в контексте ноосферных ценностей: учебное пособие / Забайкальский гос. гуманитарно-пед. ун-т им. Н. Г. Чернышевского. – Чита: ЗабГГПУ, 2009. - 160 с. ISBN 978-5-85158-554-8.
- 2 Spratt J. Competency based job descriptions: How to build them correctly [Samples+templates inside] // HRSRG.–2019. <https://resources.hrsrg.ca/blog/competency-based-job-descriptions>.
- 3 Vrabl O. Schriee-für-Schritt-Anleitung zur Formulierung von Lernergebnissen (intended learning outcomes) in Haag J., Weibenböck J., Gruber W., Freisleben-Teutscher C.F. Kompetenzorientiert lehren und Prüfen [Basics – Modelle – Best Practices]. – 2016. – P. 7-21.
- 4 Gordon Jean et al. Key competences in Europe: Opening doors for lifelong learners across the school curriculum and teacher education, CASE Network Reports, 2009. - No. 87, ISBN 978-83-7178-497-2, Center for Social and Economic Research (CASE), Warsaw.
- 5 Gonzales J. Wagenaar R. Universities' contribution to the Bologna process. An introduction. Bilbao: Publicaciones de la Universidad de Desto. – 2008. – 160 p.
- 6 Бояцис Р. Компетентный менеджер. Модель эффективной работы [Текст] / Р. Бояцис / Пер. с англ. – М.: НИППО, 2008. – 352 с.
- 7 Компетентностный подход в образовании: коллективная монография / [Нагорнова А. Ю., Бакина Ю. А., Курымбаева С. К. и др.]. – Ульяновск: Зебра, 2016. – 339 с. ISBN 978-5-9907847-6-5.
- 8 Исакаова Г.К., Теслинов А.Г., Тохметова Г.М., Сабалакова А.У., Сагиева И.Е. Управленческие решения в системе высшего образования: научная монография. – Семей, 2013. – 207 с.
- 9 Уалиева Н.Т. Психолого-педагогические условия организации самостоятельной работы студентов на основе компетентностного подхода: дис. ... доктора философии (PhD) / 6D 0100037 – КазНПУ им. Абая. – Алматы, 2016. – 192 с.
- 10 Петрова Е.А. Имиджелогия: избр. тр.: [моногр.] / Е.А. Петрова; рец.: Футин В.Н., Чвякин В.А.; Акад. имиджелогии, РГСУ. – М.: РИЦ АИМ, 2009. – 190 с.
- 11 Перелыгина Е.Б. Механизмы функционирования имиджа как феномена intersубъектного взаимодействия – М., 2003. – 27 с.
- 12 Сэммпсон Э. Имиджелогия. – М., 1995. – 40 с.
- 13 Блохина Т.С. Соотношение понятий «Я-концепция» и «Я-образ» // Акмеология. – 2017. – № 3(63). – С. 23-28.
- 14 Столяренко Л.Д. Основы психологии. Практикум. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2006. – 623 с.
- 15 Юсупов И.М., Никиреев Е.М. Методика исследования эмпатии. Диагностика эмоциональной и личностной сферы. 2010. – 300 с.

References

- 1 Plotnikova L.I. Razvitiye lichnosti v kontekste noosferyh cennostej: uchebnoe posobie / Zabajkal'skij gos. gumanitarno-ped. un-t im. N. G. Chernyshevskogo. - CHita: ZabGGPU, 2009. - 160 s. ISBN 978-5-85158-554-8.
- 2 Spratt J. Competency based job descriptions: How to build them correctly [Samples+templates inside] // HRSG.–2019. <https://resources.hrsg.ca/blog/competency-based-job-descriptions>.
- 3 Vrabl O. Schriee-für-Schritt-Anleitung zur Formulierung von Lernergebnissen (intended learning outcomes) in Haag J., Weibenböck J., Gruber W., Freisleben-Teutscher C.F. Kompetenzorientiert lehren und Prüfen [Basics – Modelle – Best Practices]. – 2016. – P. 7-21.
- 4 Gordon Jean et al. Key competences in Europe: Opening doors for lifelong learners across the school curriculum and teacher education, CASE Network Reports, 2009. - No. 87, ISBN 978-83-7178-497-2, Center for Social and Economic Research (CASE), Warsaw.
- 5 Gonzales J. Wagenaar R. Universities' contribution to the Bologna process. An introduction. Bilbao: Publicationes de la Universidad de Desto. – 2008. – 160 p.
- 6 Boyacis R. Kompetentnyj menedzher. Model' effektivnoj raboty [Tekst] / R. Boyacis/ Per. s angl. - M.: HIPPO, 2008. – 352 s.
- 7 Kompetentnostnyj podhod v obrazovanii: kollektivnaya monografiya / [Nagornova A. YU., Bakina YU. A., Kurymbaeva S. K. i dr.]. - Ul'yanovsk: Zebra, 2016. - 339 s. ISBN 978-5-9907847-6-5.
- 8 Iskakova G.K., Teslinov A.G., Tohmetova G.M., Sabalakova A.U., Sagieva I.E. Upravlencheskie resheniya v sisteme vysshego obrazovaniya: nauchnaya monografiya. – Semej, 2013. – 207 s.
- 9 Ualiev N.T. Psihologo-pedagogicheskie usloviya organizacii samostoyatel'noj raboty studentov na osnove kompetentnostnogo podhoda. dis. ... doktora filosofii (PhD) / 6D 0100037 – KazNPU im. Abaya. - g. Almaty– 2016. – 192 s.
- 10 Petrova E.A. Imidzhelogiya: izbr. tr.: [monogr.] / E.A. Petrova; rec.: Futin V.N., CHvyakin V.A.; Akad. imidzhelologii, RGSU. - M.: RIC AIM, 2009. – 190 s.
- 11 Perelygina E.B. Mekhanizmy funkcionirovaniya imidzha kak fenomena intersub'ektnogo vzaimodejstviya – M., 2003. – 27 s.
- 12 Sempson E. Imidzhelogiya. - M., 1995. – 40 s.
- 13 Blohina T.S. Sootnoshenie ponyatij «YA-koncepciya» i «YA-obraz» // Akmeologiya. – 2017. - № 3(63). – S. 23-28.
- 14 Stolyarenko L.D. Osnovy psihologii. Praktikum. - Rostov-na-Donu, Feniks. - 2006. - 623 s.
- 15 YUsupov I.M., Nikireev E.M. Metodika issledovaniya empatii. Diagnostika emocional'noj i lichnostnoj sfery. 2010. – 300 s.

Хат-хабарларга арналған автор (бірінші автор)	Автор для корреспонденции (первый автор)	The Author for Correspondence (The First Author)
Ерданова Гулширин Серикбайқызы – аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі, Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы қ., Қазақстан, e-mail: gulshirin.erdanova@mail.ru	Еранова Гулширин Серикбаевна – старший преподаватель, магистр педагогических наук, Казахская академия спорта и туризма, г. Алматы, Казахстан, e-mail: gulshirin.erdanova@mail.ru	Yeranova Gulshirin – senior lecturer, Master of Pedagogical Sciences, Kazakh Academy of Sports and Tourism, Almaty, Kazakhstan, e-mail: gulshirin.erdanova@mail.ru